

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

**Білім беру саласы: «Әлеумет» Оқу іс-әрекет түрі:
Айналамен танысу Тақырыбы: «Тиін»**ЖАРИЯЛАНДЫ
17.11.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/85103/>

Сейльбекова Баян

Білім беру саласы: «Әлеумет»**Оқу іс-әрекет түрі:** Айналамен танысу**Тақырыбы:** «Тиін»

Мақсаты : тиіннің қоректенуі, тіршілігі туралы түсіндіру. Жануарлар әлеміне танымдық қызығушылығын, тілектістік, қамқорлық сезімін ояту.

Алдын-ала жасалатын жұмыс : тиін, түлкі, аю, қасқыр, қоянның суреттерін дайындап қою.

Әдіс-тәсілі: Жұмбақ жасыру, әңгімелесу, түсіндіру, көрсету.

Көрнекіліктер: тиін, түлкі, аю, қасқыр, қоянның суреттері .

Билингвальді компонент: тиін-белка, түлкі-лиса, аю-медведь, қасқыр-волк, қоян-заяц.

Қызығушылығын**ояту кезеңі**

Шаттық шеңбері:

Музыка қойып, балаларды шаттық шеңберіне жинаймын.

Кел, балалар, күлейік!

Күлкіменен түлейік!

Қабақ түйген не керек?

Көңілді боп жүрейік.

Балалар шеңбер бойына тұрып, өлең жолдарын айтып, өлең мазмұнына қарай қимыл-

әрекет орындайды.

Іздену

ұйымдастыру

-Балалар хайуанаттар бағына кім барды? Ол жерден қандай аңдар көргендерінді еске түсіріндерші?

-Мен сендерге жұмбақ жасырамын, ал сендер шешуін табыңдар. Шешуін дұрыс тапқан бала сол аңның суретін тақтаға іледі.

1.Өзі бір қу.

Жүрген жері айқай мен шу. Ол қай аң?

2.Қорбан, қорбан етеді,

Орман оның мекені.

Тәтті балға тойып ап,

Қыста балға кетеді. Бұл не?

3.Сұр түсті

Ақсиған көп тісті.

4. Секең, секең етеді,

Орман оның мекені.

-Жарайсыңдар, балалар, енді осы аңдар туралы кім айтып береді?

-Ал тиінді көргендерің бар ма?Сендердің көпшілігің тиінді байқамай қалуларың да мүмкін, себебі: ол кішкентай әрі көбінесе ағаштардың басында жүреді. Біз бүгін тиін жайлы әңгімелесеміз.

Міне, мынау-тиін (суретін көрсетеді).

-Дұрыс айтасыңдар, демек, тиін қарағайлы ормандарды мекендейді екен. Тиін туралы білгілерің келсе, алдыларыңда тұрған суретке назар аударыңдар.

-Тиіннің түсі, денесі, құлағы, құйрығы қандай?

Тиіннің түсі ақшыл сұр не жирен үлпілдек, қалың жүнді, құйрығы қзын, құлағында шашағы болады. Аяқтарында ұзын тырнақтары бар, қалай ойлайсыңдар тырнақтары қандай қызмет атқарады?

-Ал мықты тістері мен әдемі әрі ұзын құйрығы қандай қызмет атқарады? Дұрыс айтасыңдар, олар құйрықтарын ағаштан-ағашқа секіру кезінде тепе-теңдікті сақтау үшін

және аязды күні суықтан қорғау үшін қолданады. Олар қатты суық болған кезде домаланып жатып, 4құйрықтарын жамылғы ретінде пайдаланып ұйықтайды. Қыстыгүні тиіндердің жүндері үлпілдек, жұмсақ, қалын, ұзын, ал жазға қарай керісінше жұқа, сирек, қысқа әрі қатайған болып келеді. Тиіндер жылына екі рет күзде және көктемде түлейді. Ұясын ағаш басына, кейде кеудесіне не жартас жарығына салады.

-Тиіндер қысқа қандай дайындық жасайды?

Жаз, күз мезгілінде тиіндер тоқ жүрсе де, қыс маусымына дайындық жасайды екен. Олар қыс маусымына қалай дайындалады?

-Оларды қай жерге жинайды?

-Дұрыс айтасындар, ағаштардың қуыстары мен ойық жерлеріне тасып қор жинайды, Уақыт өте келе олар жемін қай жерге көмгендерін ұмытып қалады. Қыс түскенде олар жинаған қорларының кейбіреуіне ғана кездейсоқ тауып алады. Тиіндердің бұндай аңқаулығын басқа жануарлар мен құстар жақсы пайдаланады.

-Балалар, тиіндердің де табиғаттың көркеюіне, өсіп-өнуіне көмегі тиеді екен. Олар да адамдар сияқты өсімдіктерді отырғызады. Кәне, ойланайықшы, олар өсімдіктерді қалай отырғызуы мүмкін?

Балалар хайуанаттар әлемінен аю, қоян, түлкі, қасқыр, піл, арыстан, маймыл т.б. аңдарды көргендерін айтады.

-Түлкі (түлкінің суретін іледі).

-Аю (аюдың суретін іледі).

-Қасқыр (қасқырдың суретін іледі)

-Қоян (қоянның суретін іледі).

Балалар суретке қарап, аңдар туралы білетіндерін әңгімелейді.

-Бар.

-Тиіннің түсі қызғылт, үстінде жүні бар, құйрығы ұзын, құлағында шашағы бар, әдемі көздері жылтырап тұрады.

Ағаштың діндерін ойып, қуыс етіп жасайды.

-Шырша, балқарағай жаңғақтарымен көректенеді. Олар ағашқа өрмелеп шығуы және қорегін ұстап тұруы үшін ыңғайды.

-Тиіндер тісімен қатты жаңғақтарды шағып әрі кеміріп жей алады. Ал құйрығы ағаштан-ағашқа секіру үшін керек.

-Қыста жеу үшін жаңғақтар мен саңырауқұлақтар жинайды.

-Ағаштардың жемістері мен жаңғақтарын, бүрлерін, саңырауқұлақтарды жинайды. Ағаштардың түбін қазып көміп тастайды.

-Тиіндер жерге көмген жаңғақтары мен дәндерің орнын ұмытып қалады. Сол көмілген жаңғақтардан көктемде өсімдіктер шығады.

Рефлексивті қорытындылау

Балалардан бүгінгі жиыннан алған әсерлерін,көңіл күйлерін,немен айналысқандарын,не үйренгендерін сұраймын.

Сабақтағы көңіл күйлерін дәптердегі таңбаларға белгілейді. Қойылған сұрақтарға жауап беріп, пікірлерін бөліседі.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: тиіннің жабайы аң екендігін, оның жануарлар мен адамдар үшін пайдасын, олардың көбінесе орманда тіршілік ететіндігін, қыс маусымына қалай дайындалатыны туралы.

Игереді: тиінді танып байқап, сипаттап береді; тіршілігін, мекенін, құйрығы мен тырнақтарының қызметін, олардың табиғаттың көркеюіне, өсіп-өнуіне көмегі тиетіндігін.

Меңгереді: тиіндердің табиғаттағы орны, тіршілігі, қозғалысы, қорегі, адамға пайдасы, тиіндердің түстерінің тіршілік етіп жүрген қарай өзгеріп тұратындығы және бейімделуі туралы білімді игереді.